

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

2. Гребенкин Е.В. Профилактика агрессии и насилия в школе. Р-н/Д: Феникс. 2006. 160 с.
3. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. 2006. № 11. С. 15-18.
4. Лэйн Дэвид А. Школьная травля (Буллинг) // Детская и подростковая психотерапия / Под ред. Дэвида Лейна и Эндрю Миллера. 2001. С. 240-274.
5. Тарасова С.Ю., Осницкий А.К., Ениколопов С.Н. Социально-психологические аспекты буллинга: взаимосвязь агрессивности и школьной тревожности [Электронный ресурс] // Психологическая наука и образование psyedu.ru. 2016. Том 8. № 4. С. 102-116.
6. Boyle G.N. The Effects of Bullying on Academic Achievement in Middle School Students. Dissertation. Union University, USA, 2015.
7. Kowalski R.M., Limber S.P., Agatston P.W. Cyberbullying: Bullying in the digital age. N.Y.: Wiley-Blackwell, 2011.

ЖӘБІРЛЕУДІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

SOCIAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE PREVENTION OF ABUSE

**Оймауытова А.Т., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің магистранты, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы**

**Oymaulytova A.T, master student Eurasian National University L.N.
Gumilyov, Astana,
The Republic of Kazakhstan**

Андатпа. Мақалада бүгінгі күні қоғамда үйлесімді, өз-өзіне сенімді және коммуникативті дағдылары дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсаты қойылғанымен, орта мектеп тәжірибесінде оқушылардың өзара қарым-қатынасында буллинктің орын алып отырғандығы туралы баяндалады. Сонымен қатар, буллинктің алдын алуда қарым-қатынастың алатын орнына тоқталады; ата-ана мен бала қарым-қатынасында орын алуға тиіс әлеуметтік-педагогикалық шарттарды ұсынады.

Annotation. The article tells about the fact that today in society the goal is to

form a harmonious, self-confident, and developed personality with developed communication skills, but in the practice of high school there is bullying in the interaction of students. In addition, it focuses on the place that communication occupies in the Prevention of bullying; proposes the social and pedagogical conditions that must take place in the parent-child relationship.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, буллинг, білім беру ортасы, коммуникативті дағдылар, әлеуметтік-педагогикалық шарттар

Keywords: communication, bullying, educational environment, communication skills, socio-pedagogical conditions

Бүгінгі күні қоғам талаптарының бірі - жан-жақты, үйлесімді, өзіне-өзі сенімді және коммуникативті дағдылары дамыған тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаның әлемді танып білуі, сол әлемге өзін таныта білуі қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Дегенмен, орта мектеп тәжірибесінде оқушылардың өзара қатынасында ауытқулар байқалып, жәбірлеу, жәбірлену байқалады және ол өкінішке орай өріс алуда. Тәжірибелер мен зерттеулер оқушылар арасындағы буллинг пен кибербуллингің орын алуын анықтауда негізгі себеп олардың қарым-қатынас дағдыларының қалыптасу төмендігінен болатындығы қайталанады. Демек, оқушылардың ретті не ретсіз көшбасшылыққа ұмтылуы, отбасында, өмір сүру ортасында орын алған зорлық зомбылыққа қарсы агрессия көрсетуі, тіпті жан-жақты қамтамасыз етілген отбасыларда тәрбиеге мән бермеуден туындаған барлығына рұқсат етуден қалыптасқан тәртіпсіздік т.б. білім беру ортасында әлеуметтенуді қиындатып, буллинг пен кибербуллингің туындауына ықпал етеді.

Тұлғаның қалыптасуында үлгі болатын ортасы - оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі, отбасындағы ата-ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі.

Осыдан тұлғаның тұлғалық қасиеттері әлеуметтенудің алғашқы институты отбасында бастау алады. Әсіресе жеткіншектік жастағы дағдарыстық кезеңдегі мінез-құлық ерекшеліктері арқылы баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуда ата-ананың орны ерекше. Бала тәрбиесінде отбасының рөліне Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, А.Құнанбаев, М.Дулатов, Т.Шонанов, Е.Омаров, және т.б. ерекше назар аударады. Бұл бағытта зерттеу жүргізген отандық ғалымдардың Н.С.Жұбаназарова, Ж.Т.Түрікпенұлы, С.Қалиев, Атемова Қ.Т. және т.б. сондай-ақ, ресейлік Р.В.Овчарова, А.Фромм, Е.М.Борисова, Е.А.Климов, Ф.Парсонс т.б. сынды ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады [1;2;3].

Отбасы мен отбасылық тәрбие, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы мәселелеріне педагогтар мен психологтар, әлеуметтанушылар мен философтар (Ш.А.Амонашвили, Л.В.Байбородовой, Л.И.Божович, Б.З.Вульфова, И.В.Гребенникова, Т.В.Лодкиной, Л.И.Маленковой, Т.А.Марковой, А.В.Мудрика, О.Е.Черствой және т. б.) көптеген ғылыми еңбектері жазған. Мұндай зерттеу жұмыстарында отбасы тәрбиесінің әдістері мен ерекшеліктері қарастырылып, педагогтар мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынастың мазмұны мен нысандары, ата-аналарды педагогикалық ағарту жұмыстары мен өзін-өзі тәрбиелеудің өзара байланысы анықталып,

мәні ашылған [4].

Оқушылар арасында болатын қарама-қайшылықтардың факторланы анықтауда жасалған теория мен практикада мұғалімдердің ата-ана мен бала қарым-қатынасының әлсіздігі, бірлесіп қарым-қатынас жасау және ынтымақтасу қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың жүйелі атқарылмауы дәлелденіп келеді. Ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамыту мәселесін зерттеудің өзектілігі мектептегі жәбірлеу сияқты бірқатар қарама-қайшылықтардың алдын алуға негіз болады.

Мұнда ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамыту бойынша қоғамның объективті қажеттілігі және білім беру мекемелерінің отбасымен бірлесіп әрекет жасауының дәстүрлі жүйесін дайындау және жәбірлеу құбылыстарының алдын алу бойынша ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамытудағы білім беру практикасының әлеуметтік-педагогикалық шарттары мен оны жүзеге асырудың әдістемесін ұсыну қажеттігі туындайды.

«Қарым-қатынас» сөзі латынның «қоғам, қауым, ортақ» деген мағына білдіретін *communis* сөзінен шыққан. Әлдекімен ақпарат алмасу үшін, ең алдымен байланысқа, қарымқатынасқа түсіп, одан кейін бірлескен қызмет барысында ортақ көзқарасқа жетуге тырысу керек.

Қарым-қатынас – қоғамның мәдени деңгейін көрсететін, оның терең негізі мен даму құралы болып табылатын қоғамдық тарихи дамудың нәтижесі. Қарым-қатынастың кез-келген түрі қарапайым болып көрінгенімен, объективті және субъективті сипаттағы күрделі заңдылықтарға бағынады.

Кең мағынада қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамның бірлескен іс-әрекет ету үрдісінде адамның белгілі мінез-құлық үлгісі мен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымымен астасып кетеді. Қарым-қатынас үдерісі барысында адам өзінің ішкі «Менің», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасына қалыптастырады[2,132].

Қарым-қатынасқа ең жалпы анықтаманы Б.Ф. Ломов берді: «... қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формасының маңызды жағы болып табылады». Ол қарым-қатынас іс-әрекетінің әр түрлі формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері – сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі – жайлы сөз қозғайды. Б.Ф. Ломов қарым-қатынас деңгейлерін анықтайды:

- Макродеңгей;
- Мезодеңгей;
- Микродеңгей [5].

Қарым-қатынастың тәрбиелік мәнін ол тек дүниетанымды кеңейтуде ғана емес, сонымен қатар, тұлға интеллектісінің дамуындағы рөліне тоқталған. Андреева Г.М. өзінің «әлеуметтік психология» еңбегінде қарым-қатынас мәселесіне қатысты әлеуметтік-психологиялық тұрғыларды интеграциялауға тырысты. Қарым-қатынасты сипаттай келе, ол онда өзара байланысты үш жақты қарастырды: коммуникативтік (өзара ақпарат алмасу), интерактивті (өзара әсерлесе) және перцептивті (өзара қабылдау және түсінісу).

Адамдар арасындағы қарым-қатынасты күрделі, өзгермелі, өзара байланысты жүйе ретінде қарастыра отырып оның бірнеше түрін бөліп

көрсетуге болады.

1.Ресми қарым-қатынас - қызметтік негізде қалыптасады, заңмен тұрақтанады, жарғымен, ережелермен реттеледі.

2. Ресми емес қарым-қатынас - жалпы қабылданған заңдар мен талаптарды белгілі тұрақтанған ережеге бағынуды талап етпейтін адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Бұл ұнату, жақсы көру, достық, жолдастық, жек көру, жауласу т. б. себептер негізінде пайда болады.

3.Тігінен қарым-қатынас - бұл тұлғааралық байланыс, басшы мен оған бағынушылар арасындағы, көшбасшы мен басқа ұжым мүшелері арасындағы байланысты көрсетеді, жалпы ұжымда ресми мәртебеге ие тұлға мен қалғандары арасындағы қатынас түрі.

4.Көлденеңінен қарым-қатынас - бұл бірдей мәртебеге ие ұжым мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасы. Ұжым ішінде тігінен және көлденеңінен қарым-қатынас түрлерін бір-бірімен салыстыруға, қарамақарсы қоюға болмайды.

5.Іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас - бірлескен іс-әрекет, қызмет барысында адамдар арасында болатын қарым-қатынас түрі.

6.Жеке қарым-қатынас - орындалатын іске тәуелді емес адамдар арасындағы қарым-қатынас. Іскерлік және жеке қарым-қатынас түрлері бір-бірін толықтырады. Іскерлік қатынастарға шек қоюға болады, ал жеке қатынасқа шек қою мүмкін емес.

7. Рационалды тұлғааралық қарым-қатынас - адамдардың бір-бірі туралы білігі, басқа адамдардың оны объективті бағалауы жатады.

8. Эмоционалды қарым-қатынас - адамның адам даралығын қабылдауы. Бұндай қарым-қатынас түрі жағымды және жағымсыз қарым-қатынас негізінде іске асырылады. Аталған қарым-қатынас түрлері ұжымды дамытуда, ондағы дұрыс қарымқатынасты қалыптастыруда маңызды[6].

Адамның коммуникативтік құзыреттілігін жүзеге асыру коммуникативтік стиль арқылы жүзеге асырылады.

Үш коммуникативті стилді ажыратамыз: синергетикалық, нонсинергетикалық және антисинергетикалық (В.В.Бойко). Синергетикалық стиль (грек *synergeia* - ынтымақтастық, достастық). Тұлға өзінің мінез-құлқымен, әріптестермен өзара әрекеттесу жолымен бірлескен қызметтің тиімділігін арттыруға және біріктіруге ықпал етеді.

Нонсинергетикалық стиль (лат. *non* - жоқ). Бір адам бірлескен жұмыстың табысқа жетуіне жол беруіне қарсы және мүмкін болмайтындығымен сипатталады.

Антисинергетикалық стиль (грек. *anti* — қарсы). Әріптестермен өзара іс-қимыл жасағанда, мінез-құлықтың белсенді деструктивті түрлерімен сипатталады.

Сонымен, қорытындылай келе, қарым-қатынасты субъект-субъектілік қатынастар болып келетінін айтуға болады, себебі ол іс-әрекет және өзіне үлкен рухани, адамгершілік-құндылық потенциалды кіріктіреді[7].

Тұлғаның дамуы «адамның адаммен қарым-қатынасында» қалыптасады. Қоғамның дамуында жеткіншек кезіндегі қарым-қатынас мәселесі әлеуметтік жүйеде тұлғаның дамуында ерекше орын алады. Өйткені, қарым-қатынас әр

адамның тұлға ретінде қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Жеткіншек-бұл жеке тұлғаның дамуындағы ерекше маңызды кезең. Зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде балалардың өзара қарым-қатынасы – бұл басқа адамдармен және әртүрлі серіктестермен ақылой диалогы түріндегі рухани құндылықтардың өзара әрекеттесу процесі деген қорытындыға келді.

Мектеп оқушыларының қарым-қатынасы пайдалы, әлеуметтік құнды болуы үшін мұғалім ең аз дегенде үш проблеманы шешуі керек: ұжымда жеке мазмұнды қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызу; баланы сөйлесуге үйрету; мектеп оқушыларымен сенімді жанасуды орнату. Жеткіншек жасындағылар қарым-қатынасқа өте құмар келеді. Олардың жолдастарымен, құрдастарымен, сыныптастары, қарым-қатынасы төменгі сыныптардағы балалардың қарым қатынастарынан гөрі күрделірек, көп салалы әрі мазмұны тереңірек болады.

Құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы жеке тұлғаның дамуына және өзін-өзі тануға айтарлықтай кедергі болады. Еркін қарым-қатынас дамып келе жатқан тұлғаны білдіру, жаңа байланыстар жасау құралдарының бірі. Сондықтан, үлкендердің қысымымен еркектік, қарсылық, дөрекілік белгілері пайда болады. Олар өздерінің жоспарларын, құпияларын, іс-әрекеттерін тек ата-аналарына емес, достарына айта алады. Мұндай жағдайда бала тым тыныш, шатасады және оның мінезінде оқшаулау пайда болады. Керісінше, егер олар достарымен жақсы қарым-қатынаста болса, олар өздерін бақыттылар қатарына жатқызады.

Біріншіден, құрдастарымен қарым-қатынас – бұл өте маңызды. Осылайша, бала оған не қажет екенін, ересектер не туралы сөйлесетінін біледі.

Екіншіден, тұлғааралық өзара әрекеттесудің ерекше түрі. Бірлескен ісшаралар арқылы ол әлеуметтік әсер ету үшін қажетті дағдыларды игереді, ұжымдық тәртіпке бағынуды және өз құқықтарын қорғауды үйренеді.

Үшіншіден, эмоционалды байланыс түрі. Командада болу, ынтымақтастық беріктік пен сәттілік сезімін береді. Оның әр түрлі іс-әрекеттегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және жеке қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады. Осылайша, қорытындылай келе қарым-қатынас адамзат үшін маңызды құбылыс болып табылады, оны әртүрлі деңгейлерде, әртүрлі кезеңдерде қалыптастыруды қажет етеді[8].

Бүгінгі орта мектептерді жәбірлеулердің проблема тудырып отыруы жағдайында адамның әлеуметтенуі мен тұлғалық даму мәселесі өзектілікке айналды. Осыдан ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамытудың жолдарын қарастыру көкейкесті болып табылады. Осыған байланысты ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамыту процесінің педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық шарттарын анықтау қажеттілігі туындайды.

Н.В. Ипполитова, М.В. Зверева педагогикалық шарт - педагогикалық жүйенің тиімді жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ететін ішкі (білім беру процесі субъектілерінің тұлғалық аспектісін дамытуды қамтамасыз ететін) және сыртқы (жүйенің процестік аспектісін іске асыруға жәрдемдесетін) элементтердің жиынтығын көрсететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі;

- педагогикалық шарт - педагогикалық жүйенің құрамдас бөліктерінің

бірінің мазмұнды сипаттамасы, ол мұғалім мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқу құралдары және сипаты (Зверева М.В.)[9].

Әлеуметтік-педагогикалық шарт – білім беру мен тәрбиелеу үшін қолайлы орта құру, іс-әрекеттің нәтижелі болуы үшін тиімді ережелерді қалыптастыру, балалардың өзін-өзі көрсете алуын ұйымдастыру және т. б. сияқты белгілі бір шарттарды сақтауды қамтитын баланы педагогикалық қолдау.

Педагог-ғалымдар М.М. Поташник пен В. П. Панасюк зерттеулері білім беру мен тәрбиелеуді жетілдіруге бағытталған басқару моделін жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік-педагогикалық шарттар кешеніне келесі компоненттерді жатқызады: ұйымдастырушылық-басқарушылық жағдайлар, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық[7;342].

Бірінші шарт – ата-ана мен бала қарым-қатынасын жақсартудың, отбасының өзіне-өзі көмектесуінің жеке бағытын, траекториясын құру.

Ата-ана мен бала қарым-қатынасын әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты – бала тәрбиелеп отырған отбасының өз әлеуетін белсендіруге, мәселелерді өз бетінше шешу қабілетін оңтайландыруға көмектесу. Жеке өзіндік көмек траекториясын құру - бүкіл процестің негізі болып табылады, өйткені траекторияның болуы әлеуметтік-педагогикалық қолдау және ата-ана мен бала қарым-қатынасы тәрбие процесінде одан әрі қадамдарды жүйелеуге, оңтайландыруға және бағыттауға көмектеседі.

Екінші шарт – ата-ана басқа баланың «бақытты», «өнерлі» болуын өз баласымен салыстыру барысында туындаған жағымсыз эмоцияны балаға сездірмеуі керек, өйткені бұл эмоция балаларына беріледі. Әр бала - ешкіммен салыстыруға келмейтін индивид, қабілеті мен мүмкіндігі, физиологиясы мен психологиясы түрлі тұлға. Ата-ананың баласын бағалауы, ең алдымен, баланың өзіне деген алғашқы көзқарасын қалыптастырады, ата-ананың берген бағасы баланың өз бойындағы болашақ қабілетінің, әлеуетінің аша алуына байланысты.

Үшінші шарт- әлеуметтік статусы мінсіз, мәдени деңгейі жоғары ата-аналар балалар психикасының қыр-сырын, педагогикалық ерекшеліктерін білмеу салдарынан балаларының ішкі әлемінің қиналысын білмеуі мүмкін. Көбінесе мұндай ата-аналар өз әрекеттерінің қате екенін біле бермейді.

Баланың жас ерекшелігіне байланысты болатын өзгешеліктерді білмеу, психологиялық дамуына көңіл аудармау ата-анасының балаға деген шамадан тыс қамқорлығына әкеледі және осылайша баланың тәуелсіз тәжірибе жинақтауының, өз бетінше әрекет етуінің жасанды кідірісін тудырады, баланың дамуын әлсіретеді, тұрақсыз етеді.

Осылайша, бала дамуының эмоционалды жағына мұқият қарау керек, өйткені отбасындағы баланың өзіне жақын адамдарының, яғни ата-анасының эмоционалды қолдауына, қамқорлығына, жылулығына және сүйіспеншілігіне ие болуы өте маңызды.

Төртінші шарт- ата-аналар баланы өз бетінше, дербес әрекет етуге және өзін-өзі бағалауға үйретуі керек, өйткені баланың өз мүмкіндіктерін бағалауы - өте маңызды. Өз қабілетіне сүйене отырып, ол өзінің талаптарын

қалыптастырады, баланың өзіне қанағаттану дәрежесі оның өзіндік көзқарасы мен ішкі ұстанымына байланысты болады. Н.Б.Крылованың түсіндіруінше «Орта – адамды қоршайтын әлеуметтік орта («жалпы алғанда макроорта, жеке алғанда – микроорта сияқты тікелей әлеуметтік қоршаған орта); жеке тұлғаның тікелей бесенділігі» болып табылады. Әлеуметтік орта – қоғамдағы мәдени ортаға тұлғаның белсенді түрде қатысатын белгілі бір, нақты әлеуметтік кеңістігі. Әлеуметтік мәдени ортаның өзіндік ерекшелігі – ол жеке даралыққа қарсы тұра алады және оның өзін-өзі дамытуына оппозиция тұлғасынан әлеуметтік қарама-қайшылықтар көрсете алады[5;98].

Сонымен қатар, ата-ана баланың дамуының маңызды кезеңдерінде балалармен заман талаптарына орай дұрыс қарым-қатынас жасауды жүйелі түрде үйренуі керек, балаға, оның іс-әрекетіне деген көзқарас баланың психикасындағы болып жатқан өзгерістерге сәйкес өзгеруі және мінез-құлқындағы дағдарыс белгілерінің көрінісін түсінуі абзал. Әлеуметтік-педагогикалық шарттардың орындалуын оқушылардың дұрыс әлеуметтенуіне, білім беру ортасында жәбірлеу/жәбірленуші санатында болмауының негізгі факторы ретінде қарастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. Алматы 2005ж., -415б.
2. Турдалиева, Ш.Т. Қарым-қатынас тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралы [Мәтін]: монография / Ш.Т. Турдалиева – Тараз: М.Х. Дулати ат.ТарМУ, 2019. - 211б.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе [Мәтін]: оқу құралы /жауапты ред. С.М. Жақыпов. –Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 230 б.
- 4.Андреева, Т.В. Семейная психология [Текст]: учебное пособие. – СПб.: Речь, 2004. – 244с.
5. Ломов Б.Ф. Особенности познавательных процессов в условиях общения //Психологический журнал.1980.-№5.-С.26-41.
6. Годфруа Ж. Что такое психология М., «Мир», 1996ж., 1том -370с., - 2том, -490с.
7. Шнейдер, Л.Б. Психология семейных отношений [Текст]: учебное пособие для вузов. 2-е изд. –М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2006, — 768 с.
- 8.Алиева Н. З., Котлярова В. В.. Образование в XXI веке: аксиологический аспект. — Шахты: ГОУ ВПО «ЮРГУЭС», 2010. — 223 с.
9. Бодалев А.А. Психология личности. М., Изд-во МГУ, 1988г., -312с.